

2) асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға және күтіп ұстауға, олардың ұрығын мал шаруашылығы жөніндегі мал тұқымын асылдандыру орталығында сақтау бойынша шығындарды толық өтеуге;

3) етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылықта асыл тұқымды мекиендерді күтіп ұстауға арналған шығындарды ішінара өтеуге;

4) селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындар құру үшін сатып алынатын саны аз және жоғалып бара жатқан мал түрлерінің құнын толық өтеуге ;

5) мал тұқымын асылдандыру ісі үшін сатып алынатын арнаулы технологиялық жабдықтардың (бұдан әрі - арнаулы жабдықтар) құнын толық өтеуге арналады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген және (немесе) перспективасы бар деп танылған ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттары элиталық тұқымының және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) элиталық тұқым шаруашылығы мен мал тұқымын асылдандыру ісіне белгілеген квоталар шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты көлемін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына және асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріне төленеді.

4. Осы Ереженің 2-тармағындағы 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды субсидиялау Ауылшармині мал тұқымын асылдандыру ісіне белгілеген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

5. Элиталық тұқымның және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидия нормативтері қосымшаға сәйкес белгіленеді. Бұл ретте элиталық тұқымның әр түріне бөлінетін субсидияның белгіленген нормативі шегінде ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттары бойынша субсидиялар мөлшерін Ауылшармині белгілейді.

6. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын және асыл тұқымды өнімді (материалды) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Ауылшарминімен келісілген, төленетін субсидия мөлшеріне кемітілген баға бойынша дербес сатады.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтауға және дамытуға арналған субсидияларды төлеу тәртібі

7. Асыл тұқымды өнімді (материалды) арзандатылған құн бойынша сатқанына с у б с и д и я а л у ү ш і н :

1) асыл тұқымды мал шаруашылығының субъектілері мәміленің жасалу шамасына қарай, бірақ 2003 жылғы 1 желтоқсанның кешіктірмей Ауылшарминінің аудандық аумақтық органына (бұдан әрі - аудандық аумақтық басқарма) мынадай:
асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шарты;

төлем құжаттарының көшірмелері (төлем түрлеріне қарай: аударым - банктің төлем тапсырмасы; қолма-қол есеп айырысу - кассалық кіріс ордері) құжаттарын ұсынады;

2) аудандық аумақтық басқарманың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы (бұдан әрі - мемасылдандыруинспекторы) ай сайын 5 күніне, бірақ 2003 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей, алдыңғы ай үшін асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы аудандық аумақтық басқарма бастығы бекіткен аудан бойынша жиынтық актіні және мақсатты пайдалану актісін, сатып алу-сату шарттарының түпнұсқаларын қоса Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық органына (бұдан әрі - облыстық аумақтық басқарма) ұсынады;

3) облыстық аумақтық басқарма ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, облыс бойынша асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы жиынтық актіні жасайды және бекітеді. Облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы бекітілген жиынтық актілері бойынша, оларда көрсетілген көлемдер мен асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне нормативтер негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін айқындайды және облыс бойынша белгіленген квоталар шегінде асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидияларды төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості жасайды. Облыстық аумақтық басқарма республикалық бюджеттен бюджеттік ақшаның бөліну шамасына қарай күнтізбелік жылдың соңына дейін тиісті асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің есеп айырысу шотына тиесілі субсидияны аударады. Облыстық аумақтық басқарма ай сайын 10 күніне қарай, бірақ 2003 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидияларды төлеу жөніндегі біріктірілген жиынтық ведомостердің көшірмелерін сондай-ақ бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті Ауылшарминіне ұсынады;

4) облыстық аумақтық басқарма Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттар:

асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидиялар төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості;

төлем есебін ұсынады;

5) аудан бойынша, облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартының, оларды мақсатты пайдалану актісінің, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы жиынтық актілердің, облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидиялар төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомостің ұсынымдық нысандарын Ауылшармині бекітеді.

8. Асыл тұқымды бұқаларды және арнаулы жабдықтарды мал тұқымын асылдандыру орталығына сатып алу шығындарын толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне отандық немесе шетелдік селекциялық асыл тұқымды бұқаларды және арнаулы жабдықтарды сатып алу

ш а р т ы н ы ң б і р д а н а с ы н ұ с ы н а д ы ;

2) Ауылшармині жасалған шарттардың дұрыстығын тексереді және асыл тұқымды бұқалар мен арнаулы жабдықтарды сатып алу үшін мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына бюджеттік ақшаны аударады. Мал тұқымын асылдандыру орталығы асыл тұқымды бұқалар мен арнаулы жабдықтарды сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне барлық төлем құжаттарының және кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

9. Мал тұқымын асылдандыру орталығында асыл тұқымдық бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрықтарын сақтау шығындарын толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау және олардың ұрығын сақтау жөніндегі есеп-қисаптың бір данасын және асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау мен олардың ұрығын сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымдық бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығын сақтауға бюджеттік ақшаны мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына аударады.

10. Етті құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығында асыл тұқымды мекиендерді күтіп ұстау шығындарын ішінара өтеу үшін:

1) құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығы Ауылшарминіне оларды күтіп ұстау жөніндегі есеп-қисаптың бір данасын және асыл тұқымды мекиендерді күтіп ұстау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды мекиендерді күтіп ұстауға бюджеттік ақшаны құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығының есеп айырысу шотына аударады.

11. Селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындарды құруға арналған саны аз және жоғалып бара жатқан жануарлар түрлерінің, сондай-ақ сатып алынатын арнаулы жабдықтардың құнын толық өтеу үшін:

1) Ауылшармині коллекциялық табындар қалыптастыру үшін сатып алынатын арнаулы жабдықтардың, саны аз және жоғалып бара жатқан жануарлар түрлерінің тізбесі мен санын белгілейді;

2) саны аз және жоғалып бара жатқан жануарлар түрлерін және арнаулы жабдықтарды сатып алуға бюджеттік қаражат алу үшін селекциялық-генетикалық орталықтар Ауылшарминіне сатып алу-сату шартының бір данасын ұсынады;

3) Ауылшармині сатып алу-сату шарттарының дұрыстығын тексереді және бюджеттік ақшаны селекциялық-генетикалық орталықтардың есеп айырысу шотына аударады. Селекциялық-генетикалық орталықтар 2003 жылғы 15 қазаннан кешіктірмей

асыл тұқымды малдар мен арнаулы жабдықтарды сатып алады және келесі айдың ішінде Ауылшарминіне барлық төлем құжаттарының және кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

12. Ауылшармині Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына осы ереженің 8, 9, 10, 11-тармақтары бойынша төлем есебін ұсынады.

3. Элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға субсидиялар төлеу тәртібі

13. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымдарын арзандатылған құн бойынша сатуға субсидия алу үшін:

1) элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтар облыстық аумақтық басқармаларға белгіленген квоталар шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құн бойынша элиталық тұқым көлемін сату фактісін, ал аудандық аумақтық басқармаларға - отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сатылған элиталық тұқымды мақсатты пайдалану фактісін растау үшін құжаттарды мынадай мерзімдерде ұсынады:

күздік дақылдар және көшеттер бойынша - 2003 жылғы 24 желтоқсанға дейін; <*>
жаздық дақылдар бойынша - 2003 жылғы 1 шілдеге дейін;

2) элиталық тұқымды сату фактісін растау және субсидия алу үшін элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтар аудандық аумақтық басқармаларға:

элиталық тұқым өсіру шаруашылығының нақты сатқан элиталық тұқым көлемі жөніндегі екі дана жиынтық тізілімді: бірі - аудандық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - облыстық аумақтық басқарма үшін;

элиталық тұқымды өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттарды (түпнұсқалық тұқымды және элитаны апробациялау актісі мен апробациялау туралы есепті, ал түпнұсқалық тұқымды сатып алған жағдайда - тұқым аттестатының көшірмесін);

белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі аудандық зертхананың көшеттерді қоспағанда, тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы анықтамасын; <*>

сатылған элиталық тұқымның төлем құжаттарының (төлем түріне байланысты: аударым арқылы есеп айырысу кезінде - банктің белгісі бар төлем тапсырмаларының; қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде - кассалық кіріс ордерлердің), сондай-ақ тұқымды тиеп жөнелту жүкқұжаттарының және есеп фактуралардың көшірмелерін;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиталық тұқым өсіру шаруашылығы мен элиталық тұқымды сатып алушының арасындағы сатып алу-сату шартын ұсынады. Сатып алу-сату шарты төрт данада жасалады: біріншісі - элиталық тұқым өсіруші шаруашылық үшін, екіншісі - сатып алушы үшін, үшіншісі -

аудандық аумақтық басқарма үшін, төртіншісі - облыстық аумақтық басқарма үшін;

3) аудандық аумақтық басқармалар ұсынылған төлем құжаттарының, көшірмелерін түпнұсқаларымен салыстырады және өзінің мөрімен куәландырады. Куәландырылған төлем құжаттарының көшірмелері, элиталық тұқымның нақты сатылған көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің бір данасы және сатып алу-сату шартының бір данасы аудандық аумақтық басқармада сақтауға қалдырылады;

4) аудандық аумақтық басқарма облыстық аумақтық басқармаға: элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтардың нақты сатқан элиталық тұқым көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімді;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиталық тұқым өсіру шаруашылығы мен элиталық тұқымды сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шартын элиталық тұқымды мақсатты пайдалану туралы актіні;

аудандық зертхананың белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқымның сапасына сараптама жөніндегі, тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы а н ы қ т а м а н ы ұ с ы н а д ы ;

5) облыстық аумақтық басқарма ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша элиталық тұқымның нақты сатылған көлемі жөнінде жиынтық актіні жасайды және бекітеді. Облыс бойынша нақты сатылған элиталық тұқымның көлемі жөніндегі бекітілген жиынтық актілер бойынша, ондағы көрсетілген ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымының көлемі мен белгіленген нормативтері негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін анықтайды және әрбір элиталық тұқым өсіруші шаруашылыққа белгіленген квоталар шегінде элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға арналған субсидиялар төлеуге жиынтық ведомості жасайды. Республикалық бюджеттен бюджеттік ақшаның бөлінуіне қарай облыстық аумақтық басқарма күнтізбелік жылдың соңына дейін тиесілі субсидияларды элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтардың есеп-шоттарына аударады. Ай сайын 25-не қарай, бірақ 2003 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, облыстық аумақтық басқарма элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға субсидияларды төлеу ведомостерінің көшірмелерін, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті А у ы л ш а р м и н і н е ұ с ы н а д ы .

Облыстық аумақтық басқарма Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына:

элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту субсидиясын төлеу үшін ж и ы н т ы қ в е д о м о с і ;

т ө л е м г е ш о т құ ж а т т а р ы н ұ с ы н а д ы ;

б) ұсынымдық сатып алу-сату шартының, элиталық тұқымды мақсатты пайдалану актісінің, элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтың нақты сатқан элиталық тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімнің, облыс бойынша сатылған элиталық тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық актінің, элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және

дамытуға субсидияларды төлеу ведомосінің нысандарын Ауылшармині бекітеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1293

қаулысымен .

Е р е ж е г е

қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1293

қаулысымен .

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) және ауыл шаруашылығы дақылдары элиталық тұқымдарының әрбір түріне субсидиялар нормативтері

1) сатылатын асыл тұқымды төлдерге субсидиялар нормативтері:

Мал мен құстың түрлері және тұқымдары	!	Асыл !	!	Сатылатын 1 кг тірі салмақ. !тұқымды ! қа арналған субсидиялар !өнімнің ! нормативтері (теңгеге дейін) ! құнын !----- !арзанда.!асыл тұқымдық!асыл тұқымдық !ту (%-ға!зауыттар үшін!шаруашылықтар ! дейін ! ! үшін
---------------------------------------	---	--------	---	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

 1 ! 2 ! 3 ! 4

І р і қ а р а м а л :			
соның ішінде сүтті бағыттағы:			
Қ а р а - а л а			
(соның ішінде әулиеата сиыры)	50	76	69
Қ ы з ы л			
(соның ішінде қырдың қызыл сиыры)	50	76	69
Қоңыр (соның ішінде алатау сиыры)	50	76	69
Қ у а ң с а р ы - а л а			
(соның ішінде симментал сиыры)	50	76	69
Айршир сиыры	50	76	69
соның ішінде етті бағыттағы:			
Қазақтың ақбас сиыры	50	69	63
Әулиекөл сиыры	50	69	63
Геррефорд сиыры	50	66	60
Қалмақ сиыры	50	69	63
Санта-гертруда сиыры	25	34	31
Галловей сиыры	25	34	31

Қ о й л а р :			
соның ішінде	биязы	жүнді	бағыттағы:
Қазақтың арқар мериносы	50	79	72
Солтүстік қазақ мериносы	50	79	72
Оңтүстік қазақ мериносы	50	79	72
Қазақтың биязы жүнді қойы	50	79	72
А в с т р а л и я	м е р и н о с ы		
(жақсартушы тұқым)	50	330	300
Биязылау	жүнді	бағыттағы:	
Қазақтың биязылау жүнді қойы	50	79	72
Қазақтың етті-жүнді қойы	50	79	72
Ақжайық етті-жүнді қойы	50	79	72
Дегерес қойы (биязылау жүнді)	50	79	72
Цигай қойы	50	79	72
Етті-майлы	бағыттағы:		
Еділбай қойы	50	74	67
Гиссар қойы	50	72	65
Қ а з а қ т ы ң	қ ы л ш ы қ	ж ү н д і	
құйрықты қойы	50	72	65
Сарыарқа қойы	50	72	65
Қ а з а қ т ы ң	ұ я ң	ж ү н д і	
құйрықты қойы	50	72	65
Дегерес қойы (ұяң жүнді)	50	72	65
Атырау елтірілік құйрықты қойы	50	72	65
Қаракөл қойы	50	68	62

Ш о ш қ а л а р :			
соның	і ш і н д е :		
Ірі ақ шошқа	50	94	84
Немістің асыл текті шошқасы	30	55	50
Ақсай қара-ала шошқасы	25	47	42
Жетісу шошқасы	25	47	42

Ж ы л қ ы л а р :			
соның	і ш і н д е :		
Спорт	бағытындағы:		
Таза тұқымды мініс жылқысы	25	45	41
Ақалтеке жылқысы	25	45	41

Араб жылқысы	25	45	41
Қостанай жылқысы	25	45	41
Дон жылқысы	25	45	41
Орыстың желіс жылқысы	20	35	32
Орлов желіс жылқысы	20	35	32
Қарабайыр жылқысы	20	35	32

Ө н і м д і к	б а ғ ы т т а ғ ы :		
Қазақтың жабы жылқысы	50	83	75
Мұғалжар жылқысы	50	83	75
Көшім жылқысы	50	83	75
Адай жылқысы	50	83	75
Т ү й е л е р :	і ш і н д е :		
с о н ы ң			
Қазақтың айыр түйесі	50	77	68
Түрікменнің аруанасы	50	72	65

2) тұқымдық бұқалардың сатылған ұрығының бір дозасына субсидиялар нормативі:

Асыл тұқымды өнімнің түрі	! Асыл тұқымды ! Сатылған ұрықтың	
	! материалдың ! 1 дозасына	
	! құнын ! субсидия	
	! арзандату ! нормативі	
	! (%-ға дейін) ! (теңгеге дейін)	
Тұқымдық бұқалардың ұрығы	50	140

3) сатылған асыл тұқымды бір жұмыртқаға субсидиялар нормативтері:

Асыл тұқымды өнімнің түрі	! Асыл тұқымды ! Сатылған асыл	
	! материалдың ! тұқымды жұмырт.	
	! құнын ! қаның 1 данасына	
	! арзандату ! субсидиялар нор.	
	! (%-ға дейін) ! мативтері	
	! ! (теңгеге дейін)	
Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған тауық жұмыртқасы	50	8
		(ұрықтық)

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған тауық жұмыртқасы (еттік)	50	20
Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған үйрек жұмыртқасы	25	12

4) мыналардың:

селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындар құру үшін сатып алынатын саны аз, жоғалып бара жатқан асыл тұқымды жануарлар түрлерінің; жануарлардың саны аз, жоғалып бара жатқан түрлерінің коллекциялық табындары күтіп ұсталатын селекциялық-генетикалық орталықтар, мал өсіру жөніндегі асылдандыру орталығы үшін сатып алынатын арнаулы жабдықтардың құнын толық (100 %) өтеуге субсидиялар нормативтері;

5) асыл тұқымды бұқаларды сатып алу және мал тұқымын асылдандыру орталығында күтіп ұстау, олардың ұрығын сақтау бойынша шығындарды толық (100%) өтеуге субсидиялар нормативтері;

6) етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылықта асыл тұқымды мекиендерді күтіп ұстау бойынша шығындарды ішінара (40%-ға дейін) өтеуге субсидиялар нормативтері;

7) сатылған ауыл шаруашылығы дақылдары элиталық тұқымдарының 1 тоннасына (данасына) субсидиялар нормативтері:

Өнімнің түрі	Элиталық тұқымдардың 1 тоннасының (данасының) құнын арзандату (% , дейін)	Сатылған элиталық тұқымдардың 1 тоннасына (данасына) субсидиялар нормативті (теңге , дейін)
Жүгері мен күрішті қоспағанда, және дақылдар	40	12073
Жүгері, бірінші буындағы қоса	40	74000
Күріш	40	16960
Күнбағыс, бірінші	40	60000

буындағы қоса	будандарды алғанда	
Өзге де майлы дақылдар	40	36000
Картоп	40	27630
Жоңышқа	40	127200
Өзге де көп жылдық шөптер	40	48800
Бір жылдық шөптер	40	12680
Қант қызылшасы	40	468500
Мақта, бірінші репродукциясын алғанда	40	23320
Жеміс көшеттері	40	48
